

Орталықтың 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары 29.08.2025 ж. бекітілді. 2025-2026 оқу жылының 1-жартыжылдығында жоспарланған іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді.

28.08.2025 ж. күні оқу орнымызда қоғам және мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің 94 жыл толуына орай «Өзбекәлі Жәнібеков және Қожа Ахмет Ясауи кесенесі» атты іс-шара өтті. Іс-шараны университет Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор Б.Қ. Исабек жүргізіп, оқу орнында Өзбекәлі Жәнібеков жұмыстарын насихаттау бағытындағы жұмыстарға тоқталды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.С. Ергөбек «Өзбекәлі Жәнібеков және Қожа Ахмет Ясауи кесенесі», әлем тарихы және дінтану кафедрасының профессоры Б.Р. Найманбаев «Ө.Жәнібековтің қоғамдық-саяси қызметін зерттеудің тарихнамасына шолу», тарих-дінтану мамандығы 1602-13 тобының білім алушылары Ө.М. Тұран мен Н.Б.Каримкулов «Ө.Жәнібековтің өнертанушы, этнограф ретіндегі еңбектерінің маңызы», «Ө.Жәнібеков – қоғам қайраткері, мәдениеттанушы ғалым» тақырыптарында баяндама жасады. Ө.Жәнібековтің қарындасы А.А.Серім мен Ө.Жәнібековтің інісі Н.А.Серимов естеліктерімен бөлісті.



